

Академик Қ.И.Сәтпаевты мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 14 сәуірдегі N 332

Көрнекті ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың атын мәңгі есте қалдыру және оның бай ғылыми мұрасын насихаттау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қ.И.Сәтпаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойлық мерекелерге дайындалу және өткізу жөніндегі мерейтойлық комиссияның құрамы бекітілсін.

2. Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстары мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы академик Қ.И.Сәтпаевтың рухына арналған шараларды әзірлесін және жүзеге асырсын.

3. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп жергілікті бюджеттің есебінен Қ.И.Сәтпаевқа ескерткіш орнатуға арналған конкурс өткізсін және оны жергілікті бюджеттің есебінен 1999 жылдың 1 тоқсанында Алматы қаласына орнатсын.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі 1998-1999 жылдары басылып шығарылатын Қ.И.Сәтпаевтың ғылыми еңбектерінің, оның өмірі мен қызметі туралы ғылыми-көпшілік және көркем әдебиеттердің тізбесін бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Халықаралық Қ.И.Сәтпаев қорының қатысуымен (келісім бойынша) бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне алыс және таяу шетел мемлекеттерінде Қ.И.Сәтпаевтың 100 жылдығына арналған мерейтойлық мерекелерді өткізу жөніндегі шаралардың жоспарын ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы Халықаралық Қ.И.Сәтпаев қорының қатысуымен (келісім бойынша) академик Қ.И.Сәтпаев туралы 1999 жылы деректі фильм шығарсын және 1999-2000 жылдары көркем фильм жасасын.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қ.И.Сәтпаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған монет шығару туралы мәселені қарасын.

8. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Қ.И.Сәтпаевтың мерейтойына арнаулы почта

маркілерін, құттықтау қағаздарын, конверттер және өңірлік белгі шығаруды ұйымдастырсын.

9. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым

академиясы Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарының және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша бір айлық мерзім ішінде Қ.И.Сәтпаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойлық мерекелерді өткізуге, шараларды дайындауға және өткізуге арналған шығындардың бірыңғай сметасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 14 сәуірдегі
N 332 Қаулысына
қосымша

Қ.И.Сәтпаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған
мерейтойлық мерекелерді дайындау және өткізу жөніндегі
мерейтойлық комиссияның
ҚҰРАМЫ

Н.Ө.Балғымбаев Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі, төраға

В.С.Школьник Қазақстан Республикасының Ғылым
министрі, - Ғылым академиясының
президенті, төрағаның орынбасары

Қ.Е.Көшербаев Қазақстан Республикасының Білім,
мәдениет және денсаулық сақтау
министрі, төрағаның орынбасары

Қ.О.Оразов Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңесі

Сараптық-талдау бөлімінің сектор
меңгерушісі, жауапты хатшы

- А.К.Ахметов Қазақстан Республикасының Білім,
мәдениет және денсаулық сақтау
министрлігі Білім комитетінің
төрағасы
- Х.А.Беспәев Қазақстан Республикасының Ғылым
министрлігі - Ғылым академиясы
Қ.И.Сәтпаев атындағы Геология
ғылымдары институтының директоры
- В.К.Гартман Ақмола облысының әкімі
- Қ.Қ.Дәмитов Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің төрағасы (келісім бойынша)
- С.Ж.Дәукеев Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар
министрі
- Ж.Ж.Ертілесова Қазақстан Республикасының
Қаржы вице-министрі
- М.Т.Есенбаев Қарағанды облысының әкімі
- Ғ.Б.Жақиянов Павлодар облысының әкімі
- Ж.И.Ибаділдин Жезқазған қаласының әкімі
- Е.А.Ыдырысов Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер вице-министрі
- Е.Ж.Қалиев Қазақстан Республикасының Көлік
және коммуникациялар министрі
- Д.К.Қасейінов Қазақстан Республикасының Білім,
мәдениет және денсаулық сақтау

министрі Мәдениет комитетінің
төрағасы

В.С.Ким "Қазақмыс" корпорациясының
президенті (келісім бойынша)

С.М.Қожахметов Қазақстан Республикасының Ғылым
министрлігі - Ғылым академиясы
Жер туралы ғылымдар бөлімшесінің
академик-хатшысы

А.Қ.Қошанов Қазақстан Республикасының Ғылым
министрі - Ғылым академиясы
вице-президенті Гуманитарлық
және қоғамдық ғылымдар
бөлімшесінің академик-хатшысы

В.Л.Метте Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Н.М.Оразалин Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасының бірінші хатшысы
(келісім бойынша)

К.С.Салықов Халықаралық Қ.И.Сәтпаев атындағы
қордың президенті

Р.Х.Сариева Қазақстан Республикасы Орталық
мемлекеттік архивінің директоры

М.Сәрсекеев Жазушы (келісім бойынша)

А.С.Сәрсенбаев Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық келісім
министрі

И.Н.Тасмағамбетов Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігі
басшысының орынбасары -
Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің

меңгерушісі (келісім бойынша)

Е.Ә.Өтембаев Стратегиялық жоспарлау және
реформалар жөніндегі агенттіктің
төрағасы

Ш.Ш.Шокин Академик

В.В.Храпунов Алматы қаласының әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК